

"Әкімшілік органдардың байланыс орталықтарының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі үлгілік талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 443/НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 21 мамырдағы № 262/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 21 мамырда № 38770 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 12.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

1. "Әкімшілік органдардың байланыс орталықтарының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі үлгілік талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 443/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33483 болып тіркелді) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабының 3-тармағы 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 9 қарашадағы № 846 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 459) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы әкімшілік органдарының байланыс орталықтарының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі үлгілік талаптарда:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы әкімшілік органдарының байланыс орталықтарының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі үлгілік талаптар (бұдан әрі – Талаптар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 9 қарашадағы № 846 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 459) тармақшасына және әкімшілік органдардың байланыс орталықтары, колл-орталықтары үшін және байланыс орталығының немесе колл-орталықтың сервистерін пайдаланатын әкімшілік органдар үшін бірыңғай талаптарды белгілейді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Талаптарда мынадай анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) әкімшілік орган – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік актіні қабылдау, әкімшілік әрекет жасау (әрекетсіздік таныту) жөнінде өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, мемлекеттік заңды тұлға, сондай-ақ өзге ұйым;

2) байланыс арнасы – жиіліктер белдеуінде немесе осы байланыс арнасына тән беру жылдамдығымен телекоммуникация құралдары арасында сигнал беруді қамтамасыз ететін телекоммуникация құралдары мен тарату ортасының кешені. Байланыс түріне қарай арналар – телефон, телеграф, деректер беру арналары, ал аумақтық белгілері бойынша – халықаралық, қалааралық, аймақтық және жергілікті арналар болып бөлінеді;

3) байланыс орталығы – мамандандырылған ұйым немесе өз қызметін уәкілетті органмен, жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен өзара әрекет ете отырып жүзеге асыратын, жолданымдарды (сұрау салуларды, пікірлерді, ұсыныстарды) тіркеуге, өңдеуге және дауыстық және дауыстық емес (интернет-ресурстар, мобильді қосымшалар арқылы) байланыс арналары бойынша хабарлауға жауапты, ұйымдағы құрылымдық бөлімше;

4) Бірыңғай білім базасы – қызмет алушыға жауап беру үшін қажетті ақпаратты сақтау, толықтыру, жаңарту және іздеу мақсатында Бірыңғай байланыс орталығының ақпараттық-анықтамалық білім базасы;

5) жасанды интеллект моделі – арнаулы міндеттерді орындау үшін әзірленген және өзгеріп отыратын жағдайларға бейімделе алатын, жинақталған тәжірибе негізінде оқып-үйренуге болатын және өз қызметінің процестері мен нәтижелерін оңтайландыра білетін бағдарламалық өнім;

6) Жергілікті атқарушы органның ахуалдық орталығы – аймақтың өмірлік әрекетін жедел басқару, мониторинг және талдау жасауға арналған жергілікті атқарушы органының бірыңғай цифрлық-талдамалық алабы және аппараттық-бағдарламалық кешені;

7) Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығының цифрлық жүйесінде толтыруға арналған көрсетілетін қызметтердің сыныптауышы – жергілікті атқарушы органдардың жауапты қызметтері көрсететін, иерархиялық құрылым әдісімен қалыптастырылған көрсетілетін қызметтердің электрондық жүйеленген тізбесі;

8) жолданым – әкімшілік органға немесе лауазымды адамға жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) немесе ауызша нысанда, сондай-ақ бейнеконференц-байланыс, бейнежолданым нысанында жіберілген арыз немесе шағым;

9) жолданымның қарау басымдығын арттыру – жолданымның маңыздылығын арттыру мен оның уақтылы және сапалы шешілуін қамтамасыз ету үшін бақылауды

күшейту арқылы жүзеге асырылатын белгіленген өлшемшарттардың болуы кезінде жолданымды қарау тәртібін өзгерту;

10) Интерактив Войс Респонс (Interactive Voice Response) – интерактивті дауыстық мәзір, клиент телефон пернетақтасында тоналды теру арқылы енгізген ақпаратты пайдалана отырып, байланыс орталығының ішіндегі қоңырауларды бағыттау функциясын орындайтын, алдын ала жазылған дауыстық хабарламалар жүйесі;

11) кәсіптік стандарт – формалды және (немесе) бейформалды, және (немесе) информалды білім беру ескеріле отырып, білімге, машыққа, дағдыға және жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына мен жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

12) клиент – байланыс орталығы арқылы қызмет алатын заңды немесе жеке тұлға;

13) колл-орталық – дербес не байланыс орталығының құрамына кіретін, өз қызметін қызметті тұтынушылармен (абонентпен/тұрғындармен) өзара іс-қимылда дауыстық жолданым арқылы жүзеге асыратын (Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында белгілі бір нөмір бойынша ұялы телефондардан және қалалық телефондардан бірыңғай қоңырау шалу нүктесі) құрылымдық бөлімше;

14) қайта бағыттау – клиенттің әрбір жолданымын, мәртебесін қадағалау және мәселені шешу туралы клиентті уақтылы хабардар ету мүмкіндігімен клиентті байланыс орталығына, әкімшілік органға қайта бағыттау мүмкіндігі;

15) құпия ақпарат – ақпараттың үшінші тұлғаларға белгісіз болуына байланысты оның нақты немесе әлеуетті коммерциялық мәні болған жағдайда, оған заңды негізде еркін қол жеткізу болмаған жағдайда қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат;

16) омниканалдылық – бір терезеде жұмыс істеген кезде нақты уақыт режимінде, коммуникацияның барлық арналарымен және деректер базаларымен, интеграцияда клиенттің сұранысын, оның ішінде жеке деректерді, оның жолданымдарының тарихы, сондай-ақ клиентке талап етілуі мүмкін басқа да ақпаратты өңдеуге мүмкіндік беретін қолда бар байланыс арналарына арналған бірыңғай платформаны пайдалану;

17) оператор – клиенттерді қызықтыратын көрсетілетін қызметтер бойынша ақпараттық-анықтамалық қолдауды жүзеге асыратын байланыс орталығының қызметкері;

18) сөйлеу аналитикасы – қоңырауларды талдау, нақты уақыт режимінде немесе уақыт бойынша синхрондаусыз сөйлеуді мәтінге түрлендіруді қамтитын телефондық әңгімелердің аудиожазбаларын өңдеуді және қоңырауларды бағалауды автоматтандыру құралы;

19) сұрау салу – әкімшілік рәсімге қатысушының жеке немесе қоғамдық сипаттағы қызығушылық туғызатын мәселелер бойынша ақпарат беру туралы жолданымы;

20) Ферст Колл/Контакт Резолюшн (First Call/Contact Resolution) – белгілі бір кезеңдегі клиенттердің бастапқы жүгіну кезіндегі мәселесі шешілген жолданымдарының үлесін сипаттайтын көрсеткіш;

21) "eOtinish" цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "eOtinish" ЦЖ) – өтініш берушімен кері байланысты жүзеге асыруға және әкімшілік органдардың (оның ішінде мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекетке 100% тиесілі заңды тұлғалардың) жұмысына баға беруге мүмкіндік беретін цифрлық жүйе;

22) "Smart Data Ukimet" цифрлық-талдау жүйесі (бұдан әрі – "Smart Data Ukimet" ЦТЖ) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметі бойынша аналитикалық ақпарат беру мақсаттары үшін мемлекеттік органдардың, мемлекеттік заңды тұлғалардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің құрылымдалмаған және құрылымдалған деректерінің бірыңғай қоймасын қалыптастыруға арналған цифрлық объект.";

5-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) процеске, рәсімге сәйкес нақты уақыт режимінде клиентпен өзара іс-қимылды (сұрау салулар, кіріс және шығыс жолданымдар) тіркеу. Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығы "109" бірыңғай нөмірінен, жергілікті атқарушы органның байланыс орталығының мобильді қосымшасынан, әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі ресми аккаунттарынан, шұғыл медициналық, құқық қорғау, өрт сөндіру және авариялық қызметтердің, сонымен қоса материалдарды бейне- және фото түсіру, тиісті қол жеткізу құқықтары бар жауапты қызметтің қызметкерлерінің тіркеу мүмкіндігімен қауіпсіздік, қоғамдық құқықтық тәртіп және тіршілікті қамтамасыз ету саласындағы интеграцияланған цифрлық жүйелерінен тәулік бойы өтініштерді қабылдауды қамтамасыз етеді";

мынадай мазмұндағы 9-1-тармағымен толықтырылсын:

"9-1. Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығы мерзімі өткен және қайталап түсетін жолданымдарды автоматты есепке алуды қамтамасыз етеді, ол ақпаратты бақылау және басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына автоматты түрде ұсынылады.";

мынадай мазмұндағы 10-1-тармағымен толықтырылсын:

"10-1. Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығының білім базасына арналған ақпаратты өзектендіруді жергілікті атқарушы органның жауапты қызметтері қамтамасыз етеді.";

мынадай мазмұндағы 28-1-тармағымен толықтырылсын:

"28-1. Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығының қызмет көрсету сапасын бағалауға арналған жолданымдар бойынша өтініш берушіге автоматты түрде қоңырау шалу, жолданымдардың орындалуына бағалау жасауға жасанды интеллект моделін қолданады."

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Даму үшін байланыс орталығы сөйлеу аналитикасын, пайдаланушыны қайта бағыттауды, омниканалдылықты пайдаланады.";

мынадай мазмұндағы 30-1-тармағымен толықтырылсын:

"30-1. Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығы шұғыл медициналық, құқық қорғау, өрт сөндіру және авариялық қызметтерге тиісті қызмет тарапынан жолданымды қабылдағанын міндетті түрде растай отырып, қоңырауларды дереу қайта бағыттауды қамтамасыз етеді.

Тиісті қызмет тарапынан жолданымды дереу қабылдағаны растамалмаған жағдайда жолданым мәтінін, автоматты түрде анықталған геолокациясын, пайдаланушының сәйкестендірілген деректерін, оқиға орнының мекенжайын қоса алғанда, жолданым туралы ақпарат интеграцияланған жүйе арқылы жедел медициналық, құқық қорғау, өрт сөндіру және авариялық қызметке жіберіледі.

Жергілікті атқарушы орган байланыс орталығының мобильдік қосымшасы, әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі ресми аккаунт, қоғамдық құқықтық тәртіп және тіршілікті қамтамасыз ету саласындағы интеграцияланған цифрлық жүйелерінен келіп түскен және шұғыл медициналық, құқық қорғау, өрт сөндіру және авариялық қызметтердің немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың ден қоюын талап ететін оқиғаның белгілері бар жолданым интеграцияланған цифрлық жүйе арқылы тиісті ведомстволарға дереу жіберіледі.";

32-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) клиенттермен өзара іс-қимыл тарихын жазу және сақтау, сондай-ақ "eOtinish" ЦЖ-ға беру. Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығының өзара іс-қимыл тарихы да Талаптарға 1-қосымшаға сәйкес Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығының цифрлық жүйесінде міндетті түрде толтырылу үшін деректер тізбесі мен оның форматына сәйкес нақты уақыт режимінде "Smart Data Ukimet" ЦТЖ жүйесіне, жергілікті атқарушы органның ахуалдық орталығына беріледі;"

мынадай мазмұндағы 32-тармақтың 5) тармақшасы толықтырылсын:

"5) жергілікті атқарушы органның байланыс орталығының мобильді қосымшасы арқылы цифрлық сервистер. Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығының мобильді қосымшасының цифрлық сервистерінің сипаттамасы Талаптарға 2-қосымшаға сәйкес қарастырылған.";

мынадай мазмұндағы 32-1-тармақпен толықтырылсын:

"32-1. Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығы орындалған жұмыстарды растау үшін өтініш беруші ұсынған жолданымда ұсынылған бұрыштан, ұқсас бұрыштан түсірілген фото және/немесе бейнематериалдар орналастыруды қамтамасыз етеді.";

мынадай мазмұндағы 32-2-тармақпен толықтырылсын:

"32-2. Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығы жасанды интеллект моделін қолдану арқылы мынадай:

1) тәулік ішінде бір оқиғаға қатысты бірдей жолданымдардың қайталана келіп түсуі

;

2) Қазақстан Республикасының азаматтарының өміріне, денсаулығына немесе қоғамдық қауіпсіздігіне қатер төну белгілері анықталуы жағдайларында жолданымның қарау басымдығын арттыру белгілерінің анықталу тетігін қамтамасыз етеді.

Жолданымның қарау басымдылығын арттыру үшін негіздемені жергілікті атқарушы органның байланыс орталығының қызметкері дербес анықтаған жағдайда жергілікті атқарушы органның байланыс орталығының қызметкері оның басымдығын арттыруды өзі жүзеге асырады.

Жолданымның қарау басымдығын арттыру кезінде жергілікті атқарушы орган байланыс орталығының цифрлық жүйесі жолданымның маңыздылығын арттырады және көрсетілетін қызметтің өнім берушілерінің қызметтерін, шұғыл медициналық, құқық қорғау, өрт сөндіру және авариялық қызметтерді бақылауға жауапты жергілікті атқарушы орган аппаратының және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шаралар қабылдау өкілеттігі бар өзге де мемлекеттік мекемелерінің қызметкерлеріне хабарламалар жіберіледі.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Байланыс орталығы клиенттің деректерін қауіпсіз, басқарылатын және бақыланатын ортада өндейді, сақтайды.

Байланыс орталығы клиенттердің деректерін жария етпейді, оларды тек мемлекеттік функцияларды орындайтын уәкілетті тұлғаларға береді.

Цифрлық жүйелерді әзірлеу кезінде "Киберқауіпсіздік туралы", "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына, "Киберқауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен Цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптарға сәйкес киберқауіпсіздік және дербес деректерді қорғау қамтамасыз етілуі қажет.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Байланыс орталығы бақылауды жүзеге асыру мақсатында байланыс орталығы жұмысының тиімділік көрсеткіштерін әзірлейді.

Байланыс орталығы Талаптарға 3-қосымшаға сәйкес Әкімшілік органдардың байланыс орталықтары жұмысының түйінді тиімділік көрсеткіштерін қолдануды қамтамасыз етеді.

Әкімшілік органдардың цифрлық жүйелеріне техникалық қолдауды жүзеге асыратын байланыс орталықтары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің байланыс орталықтары түйінді көрсеткіштерді ішкі нормативтік құқықтық актілермен белгілейді.

Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығы жұмыс регламентін жергілікті атқарушы органмен бекітеді және олар: "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының

Заңының 27-бабына сәйкес байланыс орталығы көрсететін қызметтер тізбесін, жолданымды өңдеу бизнес-процесінің сипаттамасын, жолданымдарды қарау мерзімдерін, құрылымдық бөлімшелер мен жауапты орындаушылар арасында жауаптылықты бөлу тәртібін қамтиды. Бұл ретте жолданымды қарау мерзімі Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығының цифрлық жүйесінде толтыруға арналған көрсетілетін қызметтердің сыныптауышы айқындаған шегінде белгіленеді.

Шұғыл медициналық, құқық қорғау, өрт сөндіру және авариялық қызметтерді қоспағанда, байланыс орталықтарын бірыңғай жергілікті атқарушы органның байланыс орталықтарына орталықтандыруды жергілікті атқарушы орган қамтамасыз етеді.";

мынадай мазмұндағы 35-1-тармақпен толықтырылсын:

"35-1. Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығы жолданымдарды тіркеу кезінде Талаптарға 4-қосымшаға сәйкес Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығының цифрлық жүйесінде толтыруға арналған көрсетілетін қызметтердің сыныптауышын, Талаптарға 5-қосымшаға сәйкес Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығының цифрлық жүйесінде толтыруға арналған маңыздылық деңгейлерін, түрлерін және мәртебелерін пайдаланады.

Азаматтардың өміріне, денсаулығына немесе қоғамдық қауіпсіздікке қауіп төндіретін белгілері бар жолданым келіп түскен жағдайда жергілікті атқарушы органның байланыс орталығы жолданымның маңыздылық деңгейін арттырады және қауіпті жою бойынша дереу шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Байланыс орталығы өзінің қызметі бойынша жылына 2 рет "Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті" РММ-ге есептілік ұсынады. Ұсыну мерзімі – есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 15-іне дейін. Талаптарға 6-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан.

"Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті" РММ есептерді талдау нәтижелері бойынша байланыс орталығының қызметін жақсарту және/немесе оңтайландыру бойынша ұсыныстар жібереді.";

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын;

осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын;

осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес 5-қосымшамен толықтырылсын;

осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес 6-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Өңірлерді цифрлық дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары –

Ж. Мадиев

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Атом энергиясы жөніндегі агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жоғары аудиторлық палатасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Көлік министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің

Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Су ресурстары және

иригация министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Туризм және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Экология және табиғи

ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Жасанды
интеллект және цифрлық даму
министрі
2026 жылғы 21 мамырдағы
№ 262/НҚ Бұйрыққа
1-қосымша
Әкімшілік органдардың
байланыс орталықтарының
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі үлгілік талаптарға
1-қосымша

Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығының цифрлық жүйесінде міндетті түрде толтырылу үшін деректер тізбесі мен оның форматы

Бөлімнің атауы	Бөлімшенің атауы	Деректер	Деректердің форматы
Жолданымға қатысты деректер	Жолданымның метадеректері	Минутына қоңырауға жауап беруді күту уақыты	минут
		Жолданымның бірегей нөмірі	бірегей нөмір
		Жолданымның берілген күні мен уақыты	күні мен уақыты
		Жолданымның тіркелген күні мен уақыты	күні мен уақыты
		Жолданым берілген байланыс желісі	атауы
		Жолданым жіберген өңір	атауы
		Жолданым жіберген аудан	атауы
		Жолданымның мәртебесі	атауы
	Жолданымды өңдеу тарихы	Орындауды бастау күні мен уақыты	күні мен уақыты
		Жолданымды жабу күні мен уақыты	күні мен уақыты
		Қайта тағайындау саны	саны
		Орындаушы ұйымдардың саны	саны
		Орындаушы ұйымның және оның құрылымдық бөлімшесінің атауы	атауы
		Орындаушы ұйымның сұрау салу саны	саны
		Келісу сатыларының саны	саны
		Маңыздылық деңгейінің өзгеруі	саны
		Жолданымды қайта қарау саны	саны
	Жолданымның мазмұны	Маңыздылық деңгейі	атауы
		Жолданым түрі	атауы
		Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығының цифрлық жүйесінде толтыруға арналған көретілетін қызметтердің сыныптауышына сәйкес жолданым сыныбы (аясы)	атауы
		Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығының цифрлық жүйесінде толтыруға арналған көретілетін қызметтердің сыныптауышына сәйкес жолданым кіші сыныбы	атауы
		Авариялық жағдайдың болуы	иә/жоқ
		Мемлекеттік бағдарламаға/бастамаға байланыстылығы	атауы
		"Жалпылама мәселе" белгісінің атауы	атауы
		Жолданым мәтіні	мәтін
		Қоса берілген файлдар	қоса берілген файлдар
		Жолданым тілі	тіл

	Орындау нәтижесі	Жауаптың тональдығы	жағымды/жағымсыз	
		Жауап мәтіні	мәтін	
		Мерзімі өткен күндер саны	күндер саны	
		Мерзімнің өтуінің себебі	мәтін	
		Өтініш берушінің 5 балдық шкала бойынша бағасы	баға	
		Жолданым бойынша шағым	мәтін	
		Жолданым бойынша шағымдар саны	саны	
	Контекстік деректер	Жергілікті жердің түрі	қала/ауыл	
		Бір күнде қабылданбаған жолданымдар саны	саны	
		Бір күндегі жолданымдар саны	саны	
		Бір айда осы тақырып бойынша мерзімі өткен жолданымдар саны	саны	

Бөлімнің атауы	Бөлімшенің атауы	Деректер	Деректердің форматы
Өтініш берушіге қатысты деректер	Өтініш берушінің метадеректері *	Тегі, аты, әкесінің аты	тегі, аты, әкесінің аты
		Ж е к е сәйкестендіру нөмірі	нөмір
		Өтініш берушінің телефон нөмірі	нөмір
	Өтініш беруші жолданымдарының тарихы	Берілген жолданымдар саны	саны
		Тақырыптар бойынша бөлу	атауы
		Қанағаттандырылған жолданымдар саны	саны
		Бас тартылған жолданымдар саны	саны
		Мерзімі өтіп берілген жауаптар саны	саны
		Сағатына жолданымдарға жауап берудің орташа уақыты	сағат

	Цифрлық белсенділік	Қолданылатын жолданым жіберу желілерінің атаулары	атауы
		Бар болған жағдайда, қоғамдық шағымдардың саны (әлеуметтік желілер/БАҚ)	саны

*"Өтініш берушінің метадеректері" тармақшасынан бір нақты деректерді міндетті түрде толтыру керек.

Бөлімнің атауы	Бөлімшенің атауы	Деректер	Деректердің форматы
Операторға қатысты деректер	Орындаушының метадеректері	Тегі, аты, әкесінің аты	тегі, аты, әкесінің аты
		Жеке сәйкестендіру нөмірі	нөмір
		Орындаушы ұйымның атауы	атауы
		Орындаушы құрылымдық бөлімшесінің атауы	атауы
		Жұмысқа қабылданған күні	күні, айы, жылы
		Қазіргі лауазымға тағайындалған күні	күні, айы, жылы
		Жоспарлы жүктеме	мәтін
		Жауапкершілік аймағы	мәтін
		Жұмыс өтілі айы	ай
		Білім деңгейі	атауы
		Біліктілік (мысал ретінде: сертификаттар)	мәтін
		Бұрынғы жұмыс орындары	мәтін
	Жұмыс көрсеткіштері	Күнтізбелік ай ішінде орындауға қабылданған жолданымдар саны	саны
		Күнтізбелік ай ішінде өңделген жолданымдар саны	саны
		Минутына орташа өңдеу уақыты	минута
		Мерзімі өткен жолданымдар саны	саны
		Эскалация саны	саны
		Әріптестермен өзара іс-қимыл	мәтін

	Кері байланыс тарихы	Азаматтардың 5 балдық шкала бойынша орташа бағасы		баға
		Өтініш берушілерден келіп түскен шағымдар саны		саны
		Өтініш берушілерден келіп түскен алғыстар саны		саны
Бөлімнің атауы	Бөлімшенің атауы	Деректер	Деректердің форматы	
Жауапты қызметке қатысты деректер	Орындаушының метадеректері	Бизнес идентификациялық нөмірі	нөмір	
		Орындаушы ұйымның атауы	атауы	
		Өнім берушінің жұмысына жетекшілік ететін мекеменің атауы	атауы	
		Орындалу кезеңі (шартқа сәйкес)	күні, айы, жылы - күні, айы, жылы	
		Жоспарлы жүктеме	мәтін	
		Жауапкершілік аймағы	мәтін	
	Жұмыс көрсеткіштері	Күнтізбелік ай ішінде орындауға қабылданған жолданымдар саны	саны	
		Күнтізбелік ай ішінде өңделген жолданымдар саны	саны	
		Минутына орташа өңдеу уақыты	сағат	
		Мерзімі өткен жолданымдар саны	саны	
	Кері байланыс тарихы	Азаматтардың 5 балдық шкала бойынша орташа бағасы	баға	
		Өтініш берушілерден келіп түскен шағымдар саны	саны	
		Өтініш берушілерден келіп түскен алғыстар саны	саны	

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Жасанды
интеллект және цифрлық даму
министрі
2026 жылғы 21 мамырдағы
№ 262/НҚ Бұйрыққа
2-қосымша
Әкімшілік органдардың
байланыс орталықтарының
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі үлгілік талаптарға
2-қосымша

Жергілікті атқарушы органының байланыс орталығының мобильдік қосымшасы (бұдан әрі – мобильдік қосымша) цифрлық сервистерінің сипаттамасы

Тіркелу және авторландыру талаптары	Мобильдік қосымшада пайдаланушыны тіркеу және авторландыруда телефон нөмірді растау үшін тіркелетін абоненттің телефон нөміріне SMS-хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады.
Мобильдік қосымшаның функционалы	Мобильдік қосымша мынадай мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: 1) жергілікті атқарушы органының байланыс орталығына жолданым жіберу; 2) жолданым бойынша өтініш берушіге арналған бақылау және өзара іс-қимыл; 3) жедел қызметтерге (медициналық, құқық қорғау, өрт сөндіру және авариялық) тиісті цифрлық жүйелермен интеграция арқылы жолданымды қайта бағыттау; 4) хабарламалар нысанында жүзеге асырылатын халықты алдын ала хабардар ету; 5) төтенше жағдайлар кезінде халықты жедел ескерту; 6) халықтың қоғамдық бастамаларға және дауыс берулерге қатысуы; 7) сұрау салу мен жауаптардың тарихын көру мүмкіндігі бар жеке кабинеттің болуы.
Жолдаманы жіберу	Мобильдік қосымша арқылы жолданым жіберген кезде мынадай функционалдық мүмкіндіктер ұсынылады: 1) жолданым мәтінін енгізу; 2) өтініш берушінің геолокациясын автоматты түрде беру; 3) пайдаланушының жеке деректерін (Т.А.Ә. және (немесе) телефон нөмірі) жіберу; 4) оқиға орнының мекенжайын жіберу; 5) фото- және бейнематериалдарды қоса беру; 6) автоматты түрде тиісті қызметке бағыттау.
Жолданым бойынша бақылау және өзара іс-қимыл	Жолданым бойынша өтініш берушіге арналған бақылауды және өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін мобильдік қосымша мынадай мүмкіндіктерді қарастырады: 1) жолданым бойынша оператормен/орындаушымен чаттың болуы; 2) жолданымның орындалу мәртебесінің өзгеруі туралы хабарламалар; 3) жолданымның орындалу сапасын бағалау; 4) орындалған жолданымды қайта ашу; 5) жолданымның орындалу мерзімін көрсету; 6) өзара іс-қимыл тарихын сақтау.
	Мобильдік қосымша жедел қызметтерге (медициналық, құқық қорғау, өрт сөндіру және авариялық) тиісті цифрлық жүйелермен интеграция

Жедел қызметтерге жолданымды қайта бағыттау	арқылы жолданымды ары қарай жолдау мүмкіндігін береді және келесі деректерді жедел қызметтерге жіберуді қамтамасыз етеді: 1) өтініш мәтіні; 2) өтініш берушінің автоматты түрде анықталған геолокациясы; 3) пайдаланушының жеке деректері (аты-жөні және (немесе) телефон нөмірі); 4) оқиға орнының мекенжайы; 5) қоса берілген фото- және бейнематериалдар (бар болған жағдайда).
Халықты алдын ала хабардар ету	Халықты алдын ала хабардар ету хабарлама нысанында жүзеге асырылады. Пайдаланушы жоспарлы және авариялық жұмыстар, қоғамдық іс-шаралар туралы ескертпе хабарламалар арқылы хабардар етіледі, сондай-ақ олардың архивіне қол жеткізе алады. Пайдаланушы аумақтық белгі (аудан, орналасқан жері) және тақырыптық санатына қарай хабарламаларды алудың қосымша жеке баптауларын анықтай алады.
Халықты жедел ескерту	Мобильдік қосымша көптеп хабарламаларды таратуды, іс-әрекеттер жөнінде нұсқаулар беруді, уақытша орналастыру пункттерінің, жасырыну орындарының және медициналық пункттердің картасын көрсетуді, сондай-ақ жедел қызметтердің байланыс деректерін ұсынуды қамтамасыз ететін төтенше жағдайларда халықты жедел хабарландыру модулін қамтиды.
Халықтың қоғамдық бастамаларға және дауыс берулерге қатысуы	Мобильдік қосымша аумақтарды абаттандыру және қалалық инфрақұрылымды дамыту басымдықтарын анықтау сияқты мәселелерді қоса алғанда, сауалнамаларға, жергілікті атқарушы органдардың бастамаларына қатысуға және ұсыныстар енгізуге мүмкіндік бере отырып, халыққа қоғамдық бастамаларға және дауыс берулерге қатысуға жағдай жасайды.
Пайдаланушының жеке кабинеті	Мобильдік қосымша жолданымдар тарихы, мәртебесі мен талдаулар көрсетілген, жеке деректерді басқару, хабарламаларды баптау, интерфейс тілін таңдау (қазақ/орыс) және бірнеше мекенжайды (тұрғылықты орны, жұмыс орны) қосу мүмкіндігі бар пайдаланушының жеке кабинетін ұсынады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Жасанды
интеллект және цифрлық даму
министрі
2026 жылғы 21 мамырдағы
№ 262/НҚ Бұйрыққа
3-қосымша

Әкімшілік органдардың
байланыс орталықтарының
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі үлгілік талаптарға
3-қосымша

Әкімшілік органдардың байланыс орталықтары жұмысы тиімділігінің негізгі көрсеткіштері

Р/с №	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Сандық немесе сапалық көрсеткіш	
			минималды	минималды
1	2	3	4	5
1	Дауыстық мәзірді тыңдағаннан кейін клиент телефон байланыс арналары арқылы хабарласқан кездегі күту уақыты, белгілі бір кезең үшін	секунд	40	60
2	Клиентке ақпарат берудің дәлдігі, толықтығы, сондай-ақ контактіні жабу және клиент мәселесін шешу үшін қажетті рәсімдердің, қадамдардың орындалуы сақталған қарым-қатынастардың үлесі	пайызбен	80	85
3	Клиенттердің қанағаттану деңгейі	балл	4,25	5
		пайызбен	85	100
4	Мәселе белгілі бір кезеңдегі бастапқы жүгіну кезінде шешілген клиенттердің өтініштерінің үлесі (Ферст Колл/Контакт Резолюшн (First Call /Contact Resolution) көрсеткіші)	пайызбен	80	85
5	Оператордың жауабына дейін клиент үзген, үзіліп қалған қоңыраулардың үлесі	пайызбен	5	10

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Жасанды
интеллект және цифрлық даму
министрі
2026 жылғы 21 мамырдағы
№ 262/НҚ Бұйрыққа
4-қосымша
Әкімшілік органдардың
байланыс орталықтарының
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі үлгілік талаптарға
4-қосымша

Жергілікті атқарушы органның байланыс орталығының цифрлық жүйесінде толтыруға арналған көрсетілетін қызметтердің сыныптауышы

Сыныбы	Кіші сыныбы	Маңыздылық деңгейі*	Орындалу мерзімі, сағат
Анықтамалық	Әкімдіктің басқармалары	стандартты	2
	Аудандық әкімдіктер	стандартты	2
	Әуежай-вокзалдар	стандартты	2
	109 құзыретіне кірмейді	стандартты	2
	Толық емес ақпарат	стандартты	2
	1414 мәселелері бойынша	стандартты	2
	Республикалық маңызы бар мәселелер бойынша	стандартты	2
Қалалық көрсетілетін қызметтер	Мекенжайлар, байланыс деректері, жолданымдарды карау тәртібі, нормативтік құқықтық актілер	стандартты	2
	Қызметкерлерге	стандартты	240
	Порталдардың, сайттардың, қосымшалардың жұмысқа қабілеттілігі	стандартты	240
Пәтер иелерінің кооперативі/Мүлік иелерінің бірлестігі/Лифт шаруашылықтары	Мекенжайлар, байланыстар пәтер иелерінің кооперативі / мүлік иелерінің бірлестігі /лифт шаруашылықтары	стандартты	2
	Пәтер иелерінің кооперативін орналастыру / мүлік иелерінің бірлестігі	стандартты	2
	Кондоминиум мәселелері бойынша	стандартты	240
	Пәтер иелерінің кооперативіне / мүлік		

	иелерінің бірлестігіне шағымдар	стандартты	240
Аула аумақтарын абаттандыру	Мекенжайлар, байланыс деректері, жолданымдарды қарау тәртібі, нормативтік құқықтық актілер	стандартты	2
	Аула аумақтарын абаттандыру	стандартты	240
	Көлік тұрағы	стандартты	240
	Спорт алаңы	стандартты	240
	Балалар алаңы	стандартты	240
Ветеринариялық бақылау	Мекенжайлар, байланыс деректері	стандартты	2
	Рұқсат беру құжаттарын беру	стандартты	240
	Жануарларды (ауыл шаруашылығы, үй, экзотикалық) тасымалдау	стандартты	240
	Ветеринариялық бақылау	стандартты	240
	Жануарларды хайуанаттар бағында ұстау	стандартты	240
	Заңды тұлғалар бойынша	стандартты	240
Ветеринариялық сервис	Мекенжайлар, байланыс деректері, жолданымдарды қарау тәртібі, нормативтік құқықтық актілер	стандартты	2
	Жануарларды чиптеу, вакцинациялау, тіркеу	стандартты	240
	Жануарларға қатыгездік көрсету	орташа	72
	Жәндік	орташа	72
	Зиянды жануарлар	орташа	72
